

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

23.11.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АҚ мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., доцент Кайбулдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Балдырған» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7М01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде

1. 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының ішкі аудитін ұйымдастыру.
2. 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту.
3. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы Э.Ж.Халилаева: Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының ішкі аудитін ұйымдастыру мәселесі қойылған. Осы мәселе бойынша «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі А.А.Жумадуллаева сөз алып, аталмыш білім беру бағдарламасына ішкі аудит есебін берді. Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды.

2023-2024 оқу жылында ББ жаңарып, ББ пәндерін жалпы саны өзгерді. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш кикл пәндерден құралды. Жалпы білім беетін пәнде (ЖБП), базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер, ЖБП киклі міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер киклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

Бакалавриат кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі. БП және бейіндеуші пәндер оқу пәндерін, кәсіби практика түрлерін оқуды қамтыды.

АҚ мүшесі Г.А.Кайбулдаева: Бүгінгі күн тәртібіндегі екінші мәселе 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын жаңарту барысында білім беру стратегиясын көрсеткен дұрыс. ҚР ҒЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрығына қосымша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілген. Академиялық комитет мүшелері жаңа бұйрықпен таныстырылды. Осы ұсынымда практиканы өткізу туралы барлық нұсқау берілген және әр практиканың өзіндік ерекшеліктері көрсетіліп, оқыту нәтижелері белгіленіп, мәні мен мазмұны қамтылған.

АК мүшесі Мейрбекова Г.П.: ҚР ҒжЖБМ 2023 жылдың 27 наурызындағы №125 бұйрық бойынша жүктемеге сәйкес практика жетекшілері өздеріне бөлінген практика түрлеріне байланысты практика бағдарламаларының мазмұнын аталмыш бұйрықта көрсетілген оқыту нәтижелерін сәйкестендіріп жаңартуды ұсынамын.

6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының 1 курсындағы «Оқу тәжірибесі» - практика жетекшісі Халилаева Э.Ж.; «Психологиялық-педагогикалық практика» - практика жетекшісі Кайбулдаева Г.А.; «Педагогикалық практика» - практика жетекшісі М.Б.Джаздықбаева; «Өндірістік педагогикалық практика» - практика жетекшісі Мейрбекова Г.П. практика бағдарламаларының мазмұнын қайта жаңарту ұсынылсын.

Педагогикалық практика әрбір курс бойын оқудың барлық кезеңінде жүзеге асырылады және келесі практика түрлерін қамтиды:

- 1) оқу (танысу) практикасы (1-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60сағат);
- 2) психологиялық-педагогикалық практика (2-курс, көлемі 2 кредиттен кем емес, 60 сағат);
- 3) педагогикалық практика (3-курс, көлемі 6 кредиттен кем емес, 180 сағат);
- 4) өндірістік педагогикалық практика (бітіруші курста кемінде 15 кредит, 450 сағат көлемінде).


Барлығы: кемінде 25 кредит, 750 сағатты құрайды.

АК төрағасы Э.Ж.Халилаева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

ШЕШІМ:

- 1) 6В01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасының ішкі аудит есебі қабылдансын.
- 2) Аталмыш БББ бойынша практика бағдарламаларының мазмұны жаңартылып бекітілсін.
- 3) Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:



Э.Ж.Халилаева

Хатшысы:



С.А.Мирзаева